

2. СКД-5 “С и б и р я к” (доңғалақты қос барабанды, дәнді дақылдарға арналған) және СКД-5Р “С и б и р я к” (шынжыр табанды, күрішке және дәнді дақылдарға арналған қос барабанды — штифті және соккылауыш) комбайндарының өнімділігі — 5—5,5 кг/с. Бұл комбайндар 1969 жылдан бері шығарылады.

3. “Н и в а” комбайндары төмендегі унификацияланған машиналар тобын құрайды: СК-5 тобының негізгі моделі (доңғалақты астық орауға арналған, сыңар барабанды); СК-5-П (доңғалақты дәнді дақылдарға арналған, қос барабанды); СКГ-5 (шын- 4 жыр барабанды, қос барабанды, күріш және дәнді дақылдарға арналған; СКП-5 (сыңар барабанды, дәнді дақылдарға арналған, ауыстырмалы жартылай шынжыр табаны бар); СКП-5-П (қос барабанды, дәнді дақылдарға арналған, ауыстырмалы жартылай шынжыр табаны бар); СКК-5 (беткейлік, 20° көлбеу беткейлерден астық жинауға арналған). Бұл топтағы комбайндардың өнімділігі 5–6 кг/с 1973 жылдан бері өндірісте.

4. “Колос” комбайндары төмендегідей машиналар тобын құрайды (өз ара және “Нива” комбайндарымен унификацияланған): СК-6-П негізгі моделі (доңғалайлы дәнді дақылдарға арналған, қос барабанды); СК-6 (доңғалақты дәнді дақылдарға арналған, сыңар барабанды); СКПР-6 (күрішке және дәнді дақылдарға арналған, ауыстырмалы жартылай шынжыр табаны бар және қос барабанды); НК-6 (сыңар барабанды, өздігінен жүретін СШ-150 шассиге асылып орнатылады); СКГ-6 (шынжыр табанды, күрішке және дәнді дақылдарға арналған). “Колос” комбайндарының өнімділігі 6—8 кг/с 1971 жылдан бері өндірісте.

5. Жаткалар. Комбайн жаткаларының (хедерлерінің) бәрі бір түрде жасалған.

Жаткалардың бір-бірінен айырмашылығы тек алым енінде (3,2; 4,1; 5; 6 және 7 м) ғана.

Дестелеуіш жаткалар хедерлерге қарағанда өз алдына жеке машина болып табылады және алым ені мен конструкциясы жөнінен бір-бірінен едәуір айырмашылықтары бар.

Ауыл шаруашылығында ЖВН-6, ЖВН-10, ЖВН-6-12, ЖНС-6-12, ЖВ-15, ЖШН-6, ЖБА-3,5А, ЖНУ-4, ЖНТ-2,1 аспалы дестелеуіш жаткалары пайдаланылады. Алғашқы жетеуі комбайндарға немесе өздігінен жүретін шассийлерге, ал басқалары тракторға асылып орнатылады. Сонымен қатар тракторға тіркелетін ЖРБ-4,9 және ЖРС-4,9 жаткалары да пайдаланылады.

6. Ж и н а у ы ш т а р. Жинауыштардың екі түрі пайдаланылады: барабанды (СК-3У және 54-102) және ППТ-3 немесе ППТ-2,4Б кенепті-транспортёрлі жинауыштары. Барабанды жинауыш комбайн комплекстеріне кіреді, ал кенепті-транспортёрлі жинауышты заказ арқылы алады.

Комбайн массасы. Комбайндар массасы мынадай: СК-4 және СК-4А (шөмелелегіші бар және алым ені 4,1 м жаткасымен) — 6150 кг; СКД-5 (шөмелелегіші бар, кабинасымен және алым ені 4,1 м жаткасымен) — 7450 кг; СК-5 және СК-6 (шөмелелегіші, қалыпты бөлгіші бар және кабинамен, сондай-ақ алым ені 5 м жаткамен және редукторсыз барабанды) тиісінше 7720 + 5% және 8721 кг; СК-6-П және СКПР-6 (шөмелелегішпен және алым ені 6 м жаткасымен) тиісінше 9440 және 10 866 кг.

Молотилканың ені. СК-4, СК-5, СКД-5 комбайндары мен олардың модификацияларының алым ені 1200 мм, ал СК-6-П комбайнымен олардың модификациялары молотилкасының алым ені 1500 мм.

Тікелей комбайнмен жинау. Егінді комбайнмен тікелей жинау жұмысын егін масағының, 95 проценті толық пісіп жетілген кезде, ал дәннің дымқылдығы 14—17% аралығына жеткенде бастайды. Егінді оруды 15 см шамасында төмен алу керек, ал аласа және жатып қалған егінді 10 сантиметрден асырмай орап жөн. Егер орылатын дақыл арасында екпе шөп болса, онда қыркы биіктігі 20 см болуы мүмкін. Комбайн егістікпен жатка жал қалдырмайтындай етіп жүргізілуі тиіс. Ысырапты барынша азайту үшін жатка мен молотилканың жұмыс органдарын жақсы тығыздап реттеу керек. Сабан шөмелесін дұрыс қатарлап, загонның қысқа жағына параллель етіп салу керек. Жинау біткеннен кейін загонды сабаннан тазартқан жөн. Бөлектеп жинау. Ең бірінші бір қалыпты піспейтін дақылдарды (сұлы, тары және т. б.) төгіліп, жапырылуға бейім және арам-шөп басқан